Бағалықағаздар нарығы туралы Заң мен осы Проспектте көзделген шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуы жағдайында, Эмитент бұзылудың туындаған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларына бұл бұзушылық туралы себептері, оны жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, Эмитенттің (www.alataucitybank.kz), "Қазақстан қорбиржасы" АҚ-тың (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны жариялау арқылы хабарлайды. Облигация ұстаушыларының сатып алу туралы бірінші жазбаша талабы алынған күннен бастап



келесі 30 (отыз) календарлық күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды номиналдық құнына, жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, немесе әділ нарықтық бағасына сәйкес сатып алу туралы шешім қабылдайды - қайсысы үлкен болса, соған сәйкес.

Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу күнін белгілеу туралы шешімінен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент облигация ұстаушыларына сатып алу күні туралы Эмитенттің (www.alataucitybank.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алу облигация ұстаушыларының бірінші жазбаша сатып алу өтінішін алған күннен бастап 40 (қырық) календарлық күннен кешіктірмей жүзеге асырылады. Сатып алу тек облигация ұстаушыларының жазбаша өтініштері негізінде жүргізіледі.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға және осы Проспектке сәйкес белгіленген шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуы жағдайында және/немесе Эмитенттен мұндай бұзылу туралы ақпарат алған кез келген Облигация иесі хабардар етілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өзіне тиесілі Облигацияларды номиналдық құны мен жиналған немесе есептелген сыйақысын қосқанда немесе әділ нарықтық бағасы бойынша (қайсысы жоғары болса) қайта сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигация иесі қайта сатып алу туралы талапты келесі мәліметтерді көрсете отырып, еркін формада ұсынады: Заңды тұлға үшін: Облигация иесінің атауы; іскерлік сәйкестендіру нөмірі (БИН); мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің берілген күні мен органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; байланыс телефондары; банк реквизиттері; қайта сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;

Жеке тұлға үшін: Облигация иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке куәлік нөмірі, берілген күні және беруші органы; тұрғылықты мекенжайы; байланыс телефондары; банк реквизиттері; қайта сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Қайта сатып алу туралы талап енгізбеген Облигация иелері өздеріне тиесілі Облигацияларды Проспектте көрсетілген айналым мерзімінің аяқталуынан кейін өтеуге құқылы.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

Облигациялар Банктің жай акцияларына айырбасталады.

Банктің Облигациялар соларға айырбасталатын жай акцияларының жалпы саны айырбасталатын Облигациялардың саны мен айырбастау коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Банктің Облигациялар соларға айырбасталатын жай акцияларының айырбастау коэффициентін пайдалану арқылы алынған жалпы саны төмендегі ережелерге сай дөңгелектелуі тиіс: тұтас санның оннан бір бөлігі есепке алынады (үтірден кейін бір сан);

бестен бастап тоғызға дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектеледі және тұтас сан бірге арттырылады; нөлден бастап төртке дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектеледі және тұтас сан өзгертілмейді.

Айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Айырбастау коэффициенті = Бір Облигацияның құны/ Банктің бір акциясының қалдық құны осындағы,

а) Бір Облигацияның құны бір Облигацияның және айырбастау күніндегі ол бойынша есептелген (төленбеген) сыйақының номиналды құнының сомасы ретінде есептеледі;

б) Банктің бір акциясының қалдық құны келесі формула бойынша есептеледі:

Банктің бір акциясының қалдық құны = (БМК – Т – А)/ Банктің орналастырылған акцияларының саны

осындағы,

а) БМК – айырбастау күніндегі Банктің баланстық меншікті капиталы;

б) Т – егер осының алдында мақұлданған және амортизацияланған табыс болатын болса, онда айырбастау күніндегі ХҚЕС-ке сәйкес Облигациялар айырбастаудың нәтижесінде жүргізілетін, Облигациялар бойынша осындай бұрын мақұлданған және амортизацияланбаған табыс сомасына Банктің баланстық меншікті капиталын азайту бойынша бухгалтерлік жазбалар (түзетулер);

с) А – соңғы есеп беру күніне провизияларды құру бойынша нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен ХҚЕС және бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастау күніне құрылған және банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырмашылық (бұдан әрі – Оң айырмашылық)

Уәкілетті органның облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылдаған күннің алдындағы жұмыс күні айырбастау күні болып табылады.

Егер (БМК–Т – А) облигациялар шығарылымының жалпы көлемінен $\leq 1\%$ болатын болса, айырбастау коэффициенті мына формула арқылы есептеледі:

Айырбастау коэффициенті = (Банктің орналастырылған акцияларының саны 99)/ айырбасталатын Облигациялар саны

Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларын орналастыру бағасы Облигациялар шығарылымының анықтамалығына сәйкес Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау үшін қажетті бағаға тең. Банктің соларға Облигациялар айырбасталатын жай акцияларын ұстаушылар басқа акционерлер – Банктің жай акцияларын ұстаушылар сияқты құқықтарға ие болады.

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Облигация ұстаушылары Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастауды осы Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған бір және (немесе) бірнеше шектеуді (ковенант) бұзған жағдайда ғана жүзеге асыруға құқылы.

Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған шектеуді (ковенант) бұзу фактісі, Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы шешім, Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акциялары саны және айырбасталатын Облигациялардың саны уәкілетті орган Басқармасының шешімімен анықталады.

Уәкілетті орган Банкке шектеуді (ковенант) бұзу белгілерінің анықталуы туралы алдын ала хабарламаны жолдағаннан кейін және Банк аталған хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған негізді келіспеушіліктермен (растау құжаттарының көшірмелерін қоса берумен) жазбаша жауапты арастырғаннан соң Уәкілетті орган Басқармасының шешімі қабылданады. Уәкілетті орган хабарламасында Облигациялар



айырбасталатын Банктің жай акциялары санының алдын ала есебі және айырбасталатын Облигациялардың саны көрсетіледі. Банктің аталған хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға жазбаша жауапты ұсынбауы негізді келіспеушіліктердің жоқ екендігін білдіреді.

Облигацияларды жай акцияларға айырбастау келесі тәртіпте жүргізіледі:

(i) Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк өзі қабылдаған шектеуді (ковенант) бұзған жағдайда, уәкілетті органның Басқармасы Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған шектеуді (ковенант) бұзу фактісінің болуы, Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды және Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларының санын және айырбасталатын Облигациялардың санын бекітеді;

(ii) уәкілетті орган шешім қабылданғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Облигацияларды айырбастау құқығын іске асыру үшін Облигация ұстаушыларына және Банкке уәкілетті орган Басқармасы шешімінің көшірмесімен қоса жазбаша хабарламаны жолдайды;

(iii) Облигация ұстаушылары уәкілетті органның жазбаша хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ-тың Банктің Облигацияларын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операцияларын жүргізуі бойынша шаралар қолданады.

Банк Облигациялардың айырбасталуын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажетті іс-әрекеттерді қолдануға міндетті.

Облигацияларды айырбастауға құқық осы Анықтамалық шарттарына сәйкес Банк қабылдаған шектеулердің (ковенанттар) қолданыс кезеңінің ішінде әрекет етеді.

Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау бұндай айырбастау үшін қандай да бір сыйақысыз жүзеге асырылады.

Банк және оның акционерлері Облигация ұстаушыларынан айырбастау күніне Банктің бір акциясының қалдық құны мен Банктің жай акциясының нарықтық құны арасындағы айырмашылық нәтижесіндегі қандай да бір төлемдерді алуға құқылы.

Облигациялар Банктің жай акцияларына айырбасталған жағдайда, Облигациялардың шығарылымы уәкілетті орган Басқармасының шешіміне сәйкес ішінара немесе толық айырбасталады.

Облигациялар шығарылымы толық айырбасталған жағдайда, Облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде жойылуға жатады.

Облигациялардың шығарылымы толық айырбасталмаған жағдайда, сатып алынған Облигациялар Банктің одан әрі иеліктен айыруына жатпайды және айналыс мерзімінің соңында өтеледі.

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді

қолданылмайды

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:



1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

қолданылмайды

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

қолданылмайды

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

қолданылмайды

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

қолданылмайды

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

қолданылмайды

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Осы шығарылымның қаражаттарын жұмылдыру мақсаттары:

- жұмылдырылған қаражаттар көздерін тездетіп әртараптандыру (диверсификациялау) және мерзімділігінің көбеюі;
- орташа мерзімді және ұзақ мерзімді Банк өтімділігін қолдау;
- экономиканың нақты секторының инвестициялық жобаларын кредиттеу саласында Банк қызметін жандандыру.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы



облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі



Мемлекеттік тіркеу күні
Мемлекеттік тіркеу нөмірі
Облигациялардың түрі
Саны
Көлемі
Есептелген және төленбеген пайыздар
Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

Облигация ұстаушылардың құқығы бар:

- осы облигациялар проспектісінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде номиналды құнды алу;
- осы облигациялар проспектісінде көзделген мерзімдерде және мөлшерде Облигациялар бойынша сыйақы алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және "Қазақстан қор биржасы" АҚ талаптарында көзделген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы; облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және өзге де билік етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және осы облигациялар проспектісінде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің облигацияларды сатып алу талабына арналған құн;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

Эмитент "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңда және осы Облигациялар Проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда, Облигациялар ұстаушыларының өздеріне тиесілі облигацияларды Эмитенттің сатып алуын талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері осы Проспектінің 12-тармағында көзделген.

3) өзге де құқықтар

- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Облигациялар бойынша дефолт – бұл купондық сыйақыны, номинал құнды және соңғы купондық сыйақыны осы Проспектімен белгіленген негізгі борышты немесе купондық сыйақыны төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап Эмитент кінәсінен төленбеуі немесе толық төленбеуі.

Эмитент Бағдарламаның шеңберінде облигациялардың осы шығарылымының Проспектісі бойынша өз міндеттемелерінің ішінара немесе толықтай орындалмағаны үшін, егер бұл орындамау қарсы тұруға болмайтын күш жағдайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. қарсы тұруға болмайтын күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжап білу немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (табиғат құбылыстары, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші сипаттағы актілері және т.с.с.) ұғынылады. Қарсы тұруға болмайтын күш жағдайлары туындаған ретте Эмитенттің Бағдарламаның шеңберінде облигациялардың осы шығарылымының Проспектісі бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі оның барысында осындай жағдайлар мен олардың салдарлары үшінде болатын уақыт кезеңіне мөлшерлес жылжытылады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Банк осы проспектінің шарттарына сәйкес облигацияларды ұстаушыларға төлеуге міндетті кез келген соманы төлемеген жағдайда, эмитент ұстаушыға ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелген мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті. Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Банк дефолт тудырған себептерді жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімнің ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында болмаған жағдайда – дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитент мұндай факті жөнінде облигация ұстаушыларды облигация ұстаушылардың өкілін хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында <http://www.jysanbank.kz>, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми сайтында <http://www.kase.kz>, "Қаржылық есептілік депозитарий" АҚ ресми сайтында <http://www.dfo.kz>, сонымен қатар "Егемен Қазақстан" және/немесе "Казахстанская правда" газетінде хабар, соның ішінде:

- дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- дефолт күніндегі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
- міндеттемелердің орындалмау себептерін;
- Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттерінің тізімін;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты орналастыру арқылы хабарландырады.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою жөніндегі шаралардың Жоспарын жасайды және оны Эмитенттің тиісті органы бекітеді.

Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда, облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптарда іске асырылады.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні

қолданылмайды

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

осы Проспектінің 1-қосымшасында берілген

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Қолданылмайды.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы: қолданылмайды

қысқартылған атауы: қолданылмайды

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері: қолданылмайды


байланыс телефондарының нөмірлері:

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: не применимо,

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.



Уәкілетті тұлға



**ИБРАЕВА ДАНА
САЙЛАУБАЕВНА**
(тегі, инициалдары)

(электрондық цифрлық қолтаңба)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и





04.09.2025

Алматы қаласы


Өтінішке жауап ретінде:
№ KZ48BNKCSD00006934

Өтініш беруші:
"Alatau City Bank" Акционерлік қоғамы
БСН: 920140000084

**Облигациялық бағдарлама шегінде
облигацияларды шығару проспектісіне
енгізілген өзгерістерді және (немесе)
толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы**

null

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

Хаджиева Мария Жамаловна
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.